

# ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ВОПРОСЫ В НОВОМ МИРЕ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА

---

## БІЛІМ САЯСАТЫНЫҢ ГЕОСТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Ж.Қ.Симтиков –**

*саяси ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ, теориялық – қолданбалы саясаттану және әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі*

XXI ғасырдың басты талабы – жаһандану болса, бұл талапқа жауап ретінде тәуелсіз еліміздегі жасалған әрі жүзеге асып жатқан «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы болып табылады. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатында өзінің геосаяси орналасуына орай еуразиялық көпір ретінде, еуразиялық миссияны орындауда. Сондықтан республика Еуразиялық одақ, Орталық Азиялық одақ, ФӨСШК және дәстүрлі әлемдік діндер көшбасшылығының съезі сияқты мегажобаларға сәтті қатысып, олардың деңгейін одан әрі көтеруде. Сондай-ақ, Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кірудің жаңа стратегиялық жобалары жүзеге асырылуда, ЕҚЫҰ төрағалық етудеміз және ол өте жоғары ұйымдасқан деңгейде жүргізілуде.

Стратегияның басты мақсат - Қазақстан Республикасының бүгінгі таңдағы сұранысқа жауап беретін жаңа держава ретінде қалыптасуы, ол дегеніміз технологиялық даму және экономикалық ауқаттылық аймақта геосаяси ықпалды болуы.

Аймақтық тепе-теңдікке кіргізуінің арқасында, халықаралық жетекші серіктестер Қазақстанды Орталық Азиядағы базалық аймақ ретінде мойындады.

Жаңа геосаяси жағдайда білім саясаты бүкіл әлемде, оның ішінде Қазақстан Республикасы сияқты жас мемлекеттер үшін ерекше орын алады.

Білімді мәдениеттің нақты, концентратты қалпы ретінде анықтауға болады. Білім жүйесі жаңашылдық пен жаңарудың өте сезімтал және қоғамдық авангардқа бейім болуы қажет. Бірақ осы ретте, ұлттық пен жаһандық, дәстүрлік пен модернизациялық, тұрақтылық пен өзгерістер арасында оптимальды баланстың болуы маңызды.

Ағылшын философы, математик Альфред Норт Уайхед Новизна жайлы сөз ете отырып, мынандай ескерту жасады: «Бір халыққа не дағдылы болса, екінші халық үшін өте қауіпті». Ұлттық жаһандық үрдіске қарағанда тұрақты және консервативті болады соңғысында ойлар мен идеяларды жинақтауға үлкен мүмкіндік бар. Жаһандық үрдіс, бойынша, көп әсерге, сыртқы көзқарасқа, шапшаңдық пен динамикаға бағытталған. Дәстүрлік пен ұлттық –

бір жағынан, нақты аймақтарға адамдар қауымының аясындағы қоршаған әлем өзінше түсіндірілуі, екінші жағынан – механизмнің жанақталуының сыртқы әсерлерден қорғану мен берілу тәжірибесінің нақты бір қоғамдық сүзгіден өткізілуі бойынша табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанның модернизациялық жаңғыруында жетекші орында ғылыми ресурстар мен ұлттық білім орталықтарын ашу жұмыстары алады[1].

Жалпы Қазақстан Республикасында заңды базада дамитын, білім берудің ұлттық моделі қалыптасқан. Бұл бағыттағы маңызды қадам – Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы. Бұған халықаралық стандарттарға сай келетін Қазақстандағы табысты жасалатын білім реформалары кіреді. Сонымен қатар, он екі жылдың кәсіби білім беруге көшуді де айтуға болады; «бакалавр – магистр – PhD докторы» үлгісіндегі үш сатылы модель бойынша мамандар дайындау; білім берудің кредиттік жүйесін қалыптастыру; бағыттаудың ұлттық жүйесін дамыту; педагогикалық жұмыстарды жоғарғы деңгейге көтеру; мемлекеттік білім аттестациясын ұйымдастыруды әлемдік аккредитациялық процедураларға трансформациялау. Заң нормативтік құқықтық базаны халықаралық нормалармен сәйкестендіріп, бытыраңқы экспериментті жобалардан бізге барынша әсерлі жұмыс істеуге мүмкіндік беретін біріккен заңдылыққа көшті.

Соңғы жылдардағы Қазақстандағы мемлекеттік білімді қаржыландыру ЖІӨ-ң 4 пайызын құрады. Бұл саланың құрылымы мен мазмұны халықаралық стандарттарға сәкес қайта реформалануда. Он екі жылдың білім беруге мектептерді дайындау жұмыстары жүргізілуде.

Жан басына шаққанда жоғары оқу орындарының саны елімізде 175-ке жуық. Біз бұл жөнінде әлем бойынша ең алдыдамыз.

Бәсекеге шыдай алмайтын білім деңгейі төмен диплом иелері болашақта елдегі жұмыссыздар санын арттырады. Ұлттық қауіпсіздік пен экономикаға үлкен зардабын тигізері сөзсіз. Бүгінгі таңда елімізде 36 жоғарғы орындары, 58 филиал жабылды [3]. Қазақстанның әлемдік білім кеңістігіне енуінің мәселесі құрылым мен білім сапасын жаңартумен; оқыту технологияларын нақтыландырумен; сапалық білім берудің ұлттық жүйесін дамытумен шешіледі.

ЮНЕСКО ұсынған, МСКО-1997 халықаралық білім беру стандарттарының классификациялық критерийлеріне Қазақстанның білім берудің құрылым жүйесі сәйкестендірілді. Жаңа заңның 8-бабына сәйкес, біздегі білім беру жүйесі 7 деңгейден тұрады.

Бірінші – мектепке дейінгі білім беру мен тәрбие жұмысы. Сонан соң бастапқы, негізгі орта білім, жоғарғы білім және жоғарғы оқу орындарынан кейінгі білім. Ол тек жоғарғы деңгейде аталып өткен оқу бағдарламаларын ғана емес, қосымша дайындықтар үшін жасалатын арнайы, мамандандырылған мамандарды да қарастырады. Осылайша «өмірлік білімнен» «бүкіл өмір барысындағы білім» парадигмасына дейін өзгереді. Сол үшін оқу бағдарламасына алдыңғы қатарлы технологиялар мен

әдістемелерді, оқыту мен мотивациялық дамудың жаңа тәсілін енгізді. 2010 жылдан бастап 12 жылдық білім беруге заңды түрде көшу – жаңа оқиғалардың бірі болып саналады. Оның құрамы былай анықталады: бастапқы білім - 1 сыныптан 4 сыныпқа дейін төрт жыл; негізгі орта білім - 5 сыныптан 10 сыныпқа дейін алты жыл; жалпы орта білім – 11 сыныптан 12 сыныптарға дейінгі екі жыл.

Бастапқы білім берудің оқу бағдарламалары баланың жеке-тұлға болып қалыптасуына, нақты оқуды дамытуға, жазуға, есептеуге, қарым-қатынас тілін меңгеруге, өзін -өзі шыңдауға, тәрбиелеуге, мәдени мінез құлықты қалыптастыруға бағытталған.

Негізгі орта білімнің оқу бағдарламасының негізгі мақсаты – ғылымның базалық негізінің қалыптасуы, оқушылар бойында өзара қарым қатынас этикасының жоғары деңгейін қалыптастыру және кәсіптік бағыттала білу.

11-12 сыныптардың оқу бағдарламалары толық түрде кәсіптік оқуға бағытталған. Бұлар оқушылардың жеке дара білім алу формасының жаңа мүмкіндіктерін аша түседі.

Жаңа заңда жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға ерекше мән берілгенін ескеру қажет. Бар болып отырған құрылым мен техникалық және кәсіби білімнің мазмұнына маңызды өзгерістер еңбек.

Жоғарыда айтылғандай, білімнің жаңа деңгейі – ортадан кейінгісі енгізілді. Мұнда оқу бағдарламасы қоғамдық мамандықтар бойынша басқару еңбегімен қамтамасыз ететін жас мамандарды дайындауға бағытталған. Бұл бағдарламаларды меңгеру бір-екі жылдық мерзімді құрайды.

Оқуды жинақтаушы кредиттік жүйесіне негізделген жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімді (бакалавр-магистр-доктор PhD) маманын дайындаудың үш сатылы үлгісі заңды түрде бекітіледі. Бұл Болон декларациясының ережелері мен халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Жаңа заң бойынша, жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімді мамандарды дайындау жүйесінде елеулі өзгерістер болды. Бұрында жоғарғы кәсіби білімнің көп деңгейлі құрылымы болды. Қазір халықаралық тәжірибеге сәйкес жоғарғы білімде тек бакалаврлық оқу бағдарламасы жүзеге асырылады. Жоғары мектептің міндеті – базалық білімі бар және еңбек нарығындағы өзгеріп отыратын қажеттілікке тез бейімделетін көп бағыттағы мамандарды дайындау.

Жоғары оқу орындарының және оның филиалдарының қызметтерін реттейтін нормаларға назар аудару керек. Мамандарды дайындаудың сапасын көтеру мақсатында, барлық оқу процесі тек басты жоғарғы оқу орнында жүзеге асырылады. «Білім туралы» заңның 31- бабына сәйкес, жоғары оқу орындарының филиалдары білім беру қызметінің лицензиялық түрін жүзеге асыра алмайды. Жаңа заңға сәйкес магистратура жоғарғы оқу орнынан кейінгі деңгейге көтерілмек. Қазір жоғарғы оқу орнынан кейінгі оқу, бір-екі оқу жылы мерзі-міндегі магистратура және кемінде үш жыл оқу мерзіміндегі докторантура болмақ.

Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және фармацевтикалық оқуға байланысты ол резидентурамен, магистратурамен және докторантурамен жалғаспақ.

Магистратура мен докторантураның бағдарламалары өзгеріске ұшырайды. Олар өздеріне ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуді ғана қамтымай, оқу бағдарламасын да меңгереді. Осылайша, докторлық диссертацияны қорғау үшін оны жазу жеткіліксіз, мамандық бойынша фундаментальды міндетті және қолданбалы пәндерге сәйкес оқу, ол бойынша емтихан тапсыру болмақ [4].

Қазақстандық оқу процесінде тағы бірқатар ғаламдық міндеттерді шешуге тура келеді, солардың ішінде ерекше орын алатын республикадағы және халықаралық қауымдастықтағы табысты ықпалдасудағы біртұтас оқу кеңістігінің құрылуы. Не жасалынды және осы мақсатқа жету үшін біздің жоғарғы оқу орнына не істеу қажет?

Көптеген қазақстандық университеттер білім беру жүйесіндегі модернизациялық жаңғыруда шетел тәжірибесін белсенді үйреніп меңгеруде.

Алдыңғы қатарлы дамыған әлем елдерінің қазіргі заманғы стратегиялық доктринасының дамуы адам капиталының жетілуіне негізделген. Сондықтан да, білімнің сапасы ілгерілеудің ең негізгі геосаяси және геэкономикалық факторы болып отыр. Мұны түсіну Қазақстан білімінің ұлттық жүйесін, модернизациялық жаңғыруды жеделдетудің негізінде жатыр. Ол өз елінің ғана емес, сондай-ақ әлемдік қауымдастық шегінде болашақ мамандарды табысты етуге бағытталған.

Қазіргі заманғы жоғарғы оқу орны ойлаудың жүйелік құрылымындағы мамандарды дайындауға міндетті. Бұл біздің ойымызша адам ресурстарының дамуының маңызды факторы.

Таңдаулы элиталық басқару кадрларды дайындаудағы біздің ынтымақ Еуропалық одақтың комиссиясымен, халықаралық даму жөніндегі АҚШ агентігімен, «Ноу-хау» британдық фондымен, үкіметтермен, халықаралық ұйымдар мен фондтармен, шетелдердің ірі компанияларынан қолдау тапты.

Мемлекеттік тапсырыстың жаңа құрылымы космостық қызметін, денсаулық сақтау, білім. Ауылдық территорияның дамуы, инициативалық кластерлер мемлекеттік бағдарламаның индустриалды-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру үшін мамандар дайындығын арттыруға мүмкіндік береді.

Таңдаулы элитарлық университеттер халықаралық білім нарығына өзінің оқу бағдарламасымен халықаралық аккредитация процедурасына қатысуы қажет. Әлемге әйгілі университеттер осылай жасайды. Біздің сенімізге таңдаулы элитарлық университет – бұл жақсы білім ғана емес, сондай-ақ озық ғылыммен технология оның ықпалды интеграциясы.

Қазақстан Республикасымен басқа да мемлекеттердің жетекші университеттері арасында академия аралық және университет аралық үлкен тәжірибе алмасу, ұзақ мерзім негізінде ортақ білім беру және ғылыми жобаларының өңделуі жинақталған. Біз оқытушылармен, студенттермен

алмасу, 40 тан астам әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының қазіргі заманғы ақпараттық технологияларының трансфертіне және университеттің халықаралық ассоциациясы, АЙРЕКС, ЮНЕСКО және т.б. беделді халықаралық ұйымдармен келісім шарт жасадық. Әрине, әлемге әйгілі бірнеше жүзжылдық тарихы бар Оксфорд, Кембридж, МГУ, Сорбонна сияқты университеттерде тең дәрежеде Қазақстандық жоғарғы оқу орындары таяу арада бәсекелесе алады. Қазіргі уақыттың өзінде біздің жоғарғы оқу орындары Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азияның білім және интеллектуалды қызмет нарығында белсенді әрекет жасады.

Қазіргі таңда біздің университетте Түркия, Қытай, Тайвань, Монғолия Вьетнам, Иран, Палестина, Түркменстан және басқа елдерден 400 шет ел студенттері білім алуда. Бұл біздің жоғарғы оқу орындарының аймақтық интеграциялық білім беру процесіндегі нақты үлесі [5].

Мамандарды дайындау деңгейіндегі жаңа талаптары шет елдерін оқыта білудің жаңа тәсілдерін анықтайды: әр оқытушы өзінің біліктілігін үнемі жетілдіріп отыратын қалыпты жағдай болуы керек. Бұл бағытта университет маңызды жұмыстар атқаруда. 2005 жылдың қыркүйегінде Абай атындағы ҚазҰПУ мен Ұлыбританияның жетекші екі оқу орындары – Лондондық және Букингемдік университеттері арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол жеткізді. Англияның ірі халықаралық лингвистикалық ұйымдары студенттерінің ағылшын тілін тереңдетіп оқытылуына бағытталған. Университет кафедрасының профессор-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыру мақсатында – International House London бағдарламасын жүзеге асыруда бірлескен алғашқы қадамдар жасалынды.

Ең жоғарғы халықаралық стандарттарға сай жоғарғы мектептік ұлттық үлгісін құру процесінде, біздің көзқарасымыз бойынша, әлемдік қауымдастыққа кіретін елдердің көпшілігімен бөлінетін жаңа әлеуметтік-мәдени құндылықтарды қалыптасуын ескеру қажет. Өркениетті еркін нарық, экономистер, тек жоғарғы бөлімнің құрылымын ауыстырып қоймайтын менеджерлер, гуманитарлық (заңгерлер, әлеуметтанушылар, саясаттанушылар) дайындығын кеңейтудегі қоғамдық қатынастардың гуманизациясы, сондай-ақ сентризмнен гомоцентризмге өтудің барлық парадигмасы. Осының бәрі Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілетті 50 дамыған елдің қатарына кіру стратегиясының жүзеге асырылуы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының студент жастардың алдында қойған міндеттер қаншалықты табысты шешілетіндігін көрсетеді.

1. Шаукенова З. *Качество образования – в носителях знаний* // *Казахстанская правда*. - 2007. - 15 ноября.

2. Бектурганов А. *Высокое звание – «Университет»* // *Казахстанская правда*. - 2007. - 29 ноября.

3. *Казахстанская правда*. - 2007. - 6 декабря.

4. Туймебаев Ж.К. *Закон в русле новых реалий* // *Казахстанская правда* – 2007. – 18 августа.

5. Садыков Т.С. Парадигмы и принципы // Казахстанская правда. - 2006. – 20 мая.

#### Резюме

В статье освещаются геостратегические проблемы современного образования Казахстана.

#### Summary

The geostrategic problems of the policy of education of Kazakhstan considered in the article.

## **ЕЛБАСЫНЫҢ ЖАҢА ЖОЛДАУЫ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**С.Ш.Мұсатаев –**

*Абай атындағы ҚазҰПУ теориялық-қолданбалы саясаттану және әлеуметтану кафедрасының доцент міндетін атқарушы, саяси ғылымдарының докторы*

Қазақстанның сыртқы саяси векторлары елдің тұрақты дамуына нақты бағыттала отырып, сонымен бір мезгілде осы мәселе ауқымында өзімен көршілес орталық азиялық елдердің, ТМД мемлекеттерінің, Еуро Одақтың және жалпы әлемдік қауымдастықтың мүдделерін органикалық тұрғыда қамтитыны белгілі. Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымымен (ЕҚЫҰ) қарым-қатынас жасасу саясатының, аталған ұйымға төрағалық етуге ұмтылысының астарында да осы өзара тиімді мүдделердің тоқайласуы жатыр.

Бұл тұрғыда Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” атты биылғы Жолдауында: “Қазақстанның жоғары халықаралық беделі біздің елімізге Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға төраға болуға мүмкіндік берді. Бұл – біз үшін үлкен абырой. Бұл – ЕҚЫҰ-ға адамзаттың жаңа тарихындағы аса күрделі кезеңде төрағалық етудің аса жоғары жауапкершілігі. Қауіпсіздік жөніндегі аса ықпалды ұйымға қазақстандық төрағалық мынадай ұранмен өтетін болады: “Сенім. Дәстүр. Ашықтық. Төзімділік”. Біз көптеген көкейкесті мәселелерді шешу жолдарын бірлесе іздеп, ықтимал дағдарысты жағдайлардың алдын алу үшін бірлескен тетіктерді әзірлейтін боламыз” - деп атап өтті /1/.

Бұл ұйымға қатысушы мемлекеттерді ортақ құндылықтар, ортақ мақсаттар мен ортақ міндеттер біріктіреді, бәрінен бұрын — осы өңірді анағұрлым қауіпсіз, неғұрлым өркендеген өңірге айналдыруға деген ұмтылыс біріктіреді. ЕҚЫҰ бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға, адамның негізгі